

«Бекітемін»
Астана қаласы әкімдігінің МКҚМ
«Әдістемелік орталығы»
басшысы С. Дауешова 
«31» 03 2025 ж.

«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы ереже «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» атты «Әдістемелік орталығы» МКҚМ республикалық ғылыми-практикалық конференциясын (бұдан әрі - Конференция) ұйымдастырудың және өткізудің негізгі ережелерін анықтайды.

Конференцияны ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Конференцияның мақсаты: Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану және мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін тарату.

II. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Конференцияға қатысушылар: Бастауыш сынып мұғалімдері

2.2. Конференция тілі – қазақ, орыс.

2.3. Қатысу форматы - офлайн.

III. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- ✓ Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары.
- ✓ Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда заманауи педагогикалық әдістер мен тәсілдер.
- ✓ Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда пән мұғалімдерінің рөлі.
- ✓ Оқу үдерісінде креативті және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту аспектілері.
- ✓ Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңызы.
- ✓ Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын дамытуда әдістемелік қолдау көрсету.

3.1. Пленарлық отырыс

3.2. Секциялық отырыстар

1. **Қазақ тілі. Тақырыбы:** «Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту: тілдік дағдыларды қалыптастыру жолдары»
2. **Әдебиеттік оқу. Тақырыбы:** «Оқушылардың оқу дағдыларын дамытудағы шығармашылық тәсілдер»
3. **Математика. Тақырыбы:** «Математика сабағында күнделікті өмірмен байланысты тапсырмаларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру тәсілдері»
4. **Дүниетану, жаратылыстану. Тақырыбы:** «Дүниетану мен жаратылыстану пәндерінде функционалдық сауаттылықты дамыту: қарапайым әдістер мен күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар»
5. **Орыс тілі, әдебиеттік оқу. Тақырыбы:** «Бастауыш білімде орыс тілін үйрету арқылы



функционалдық сауаттылықты арттыру стратегиялары»

IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУДІҢ ШАРТТАРЫ, ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

4.1 Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен сарапшы модераторлар құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Төрайым: Дауешова Сындар Муратовна, Әдістемелік орталығының басшысы
Әзімбай Нұржамал Кәрімбердиевна, Әдістемелік орталық Орта білім беру бөлімінің әдіскері, тел. +7 7011571595

Оразбекова Гульзира Алиакбаровна, Әдістемелік орталық Орта білім беру бөлімінің әдіскері, тел. +7 7766897676

Бекжанова Айман Ансатовна, Әдістемелік орталық Орта білім беру бөлімінің әдіскері, тел. +7 701592833

4.2 Күні мен уақыты: 23 сәуір 2025 жыл, сағат 10.00

4.3 Конференция өткізу тәртібі:

I кезең-өтінімдерді тіркеу және жұмыстарды қабылдау

Конференцияға қатысу үшін материалдарды 2025 жылғы 04 сәуіріне дейін (қоса алғанда) өтінімдерді тіркеу және жұмыстарды қабылдау жүргізіледі. Мақала материалын, өтінім және презентацияны bastaysh2024@gmail.com электрондық поштасына жіберу қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген немесе мақала талаптарына сәйкес рәсімделмеген жұмыстар қаралмайды және қайтарылмайды.

II кезең - конференция өткізу.

2025 жылғы 23 сәуір күні қатысушыларды тіркеу сағат 09:00 – 09:30 дейін жүргізіледі.

Сағат 10.00-де конференцияның басталуы:

- пленарлық отырыс 10.00-11.30

- секциялық отырыстар 11.30-14.00

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 23 сәуір, сағат 10:00

Өтетін орны: А.Байтұрсынов атындағы BINOM мектебі, А.Байтұрсынова, 49А

V. БАЯНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Мазмұнының конференция тақырыбына сәйкестігі;

5.2. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы;

5.3. Зерттеу мәселесін талдау және жалпылау (мониторинг);

5.4. Жұмыстың негізгі қорытындылары.

Қатысушының секциялық отырысында сөз сөйлеу уақыты 5-7 минуттан аспайды.

Слайдтар саны 7-ден аспайды.

Регламент сақталмаған жағдайда сарапшы-модератордың қатысушының сөзін үзуге құқығы бар.

VI. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ:

1. Қатысуға өтінім (№1 қосымша)

2. Жұмыстың мазмұнына және 5 слайдқа қойылатын талаптар (№ 2 қосымша)

3. Баяндаманы рәсімдеу үлгісі (№ 3 қосымша)

4. Қатысу жарнасы – 4000 теңге

Спикерлерге Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сертификаты электронды нұсқада беріледі және конференцияға қатысушылардың баяндамаларынан жинақ шығарылады. (ЕСКЕРТУ: сапасы төмен материалдар жинаққа кірмейді)

Конференцияға қатысу үшін өтінім, төлем түбіртегін, баяндама, слайдтардың электронды нұсқасын 04.04.2025 дейін bastaysh2024@gmail.com поштасына жіберу керек.

Ұйымдастыру комитеті конференция бағыттарына және талапқа сай емес жұмыстарды қабылдамауға құқылы.

ТӨЛЕМ ТӨЛЕУ РЕКВИЗИТІ:

Мекеменің атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БСК: CASPKZKA

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, көш. Қабанбай батыр 33
КБЕ: 16

VII. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

- 6.1. Конференцияның барлық қатысушыларына сертификаттар электронды түрде беріледі.
6.2. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» атты конференция материалдарының жинағы электронды нұсқада шығарылады.
6.3. Жинақ материалдары мына сайтта орналастырылады: <https://astana-modern.edu.kz>

1-қосымша

ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ

Автордың толық аты-жөні (жеке құжатымен)	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Мақаланың тақырыбы	
Конференция бағыты	
Байланыс телефоны	

ЕСКЕРТУ: Қатысу үшін өтінім міндетті түрде толтырылып жіберілуі шарт.

2-қосымша

Мақала мәтінін ресімдеуге қойылатын талаптар

1. **Жарияланымдарға қойылатын талаптар:** Файл Microsoft Word, шрифт: «Times New Roman», қағаз өлшемі – А4, бағдары-кітапша, кегль – 14 (суреттер мен кестелерде – 12-ден кем емес), интервал – 1,0 жоғарғы және төменгі жиектер – 2 см, сол - 3 см., оң – 1,5 см, абзац: бірінші жол – шегініс 1,25 см, тегістеу – ені бойынша, мақала көлемі-4-5 беттен аспайды. Баяндама ақ-қара нұсқада ұсынылуы керек. Дәйексөздерге, сандарға, құжаттарға және т. б. библиографиялық сілтемелер [] шаршы жақша түрінде ресімделеді және сілтеме жасалған кезде мақаланың соңындағы әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Бет нөмірлері енгізілмейді. Мақаланың басында тақырыптың атауы бас әріппен жазылуы керек, ал келесі жолда-автордың аты, 3-жолда білім беру ұйымының атауы жазылады. Баяндамада бірлескен авторлар саны 2-ден кем емес болуы шарт.Әр қатысушы біріккен жағдайда жеке төлем жасайды.
2. Электрондық нұсқадағы файлдардың атауы келесі түрде ресімделуі тиіс: «Ахметова_өтінім.doc», «Ахметова_мақала.doc»,
3. Қорғау жұмысы презентация түрінде және берілген уақыт ішінде (5-7 минут) жүзеге асады. Қорғау барысында баяндамашы төмендегідей алгоритмді ұстанады:
 - а) кіріспе бөлімде ғылыми жұмыстың өзектілігін, мақсатын, міндетін, ғылыми жұмысты зерттеудің тақырыбын, гипотезасын, әдістері мен әдістемесін негіздейді;
 - б) негізгі бөлімде зерттеу жүргізу барысын баяндайды;
 - б) практикалық бөлімде зерттеудің практикалық ерекшелігін, зерттеу нәтижесін

баяндайды;

в) қорытынды бөлімде диагностика нәтижелерімен, мониторингі мен зерттеудің қорытындысын көрсетеді.

Мақаланы жариялауға арналған үлгі

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

*Болатова Арай Жумкеевна – бастауыш сынып мұғалімі №00 мектеп-лицей. Астана қ.,
(1 интервал)*

Аннотация: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін
Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Түйін сөздер: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін
(1 интервал)

Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні
(1 интервал)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Құрметпен Ұйымдастыру комитеті
Конференцияны ұйымдастыру комитетінің техникалық хатшысы:
Акылбекова Лиза Мауткановна
Телефон: 87023216554